

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы

Анвар Исмаилов атындағы кәсіптік колледжі



0104000 – «Кәсіптік оқыту (салалары бойынша)»  
мамандығы 0104013 5 – «Өндірістік оқыту шебері, техник - бағдарламашы»  
саласы (0104013 – «Есептеу техникаларын бағдарламамен  
қамтамасыздандыруға мамандандыру») студенттеріне курстық жұмысты  
орындауға арналған әдістемелік нұсқау

Ақсукеңт – 2020 ж.



Құрастырған: К.К. Убаев

0104000 – «Кәсіптік оқыту (салалары бойынша)» мамандығы 0104013 5 – «Өндірістік оқыту шебері, техник - бағдарламашы» (0104013 – «Есептеу техникаларын бағдарламамен қамтамасыздандыруға мамандандыру») саласы студенттеріне курстық жұмысты орындауға арналған әдістемелік нұсқау - Сайрам ауданы, Ақсукеңт ауылы, Анвар Исмаилов атындағы кәсіптік колледжі.

Әдістемелік нұсқауда курстық жұмысты орындау және оларды рәсімдеу бойынша барлық мәліметтер қамтылған.

Бұл әдістемелік нұсқауда курстық жұмысты орындаудың жалпы талаптары, курстық жұмыстың тақырыптарына, жазылу ережелеріне, курстық жұмыстың мазмұны мен құрылымына, рәсімдеу және қорғауға ұсынуға, қорғау процедурасына және сақтауға қойылатын талаптар келтірілген.

«Жалпы кәсіптік және экономикалық пәндер» пән бірлестігінің отырысында қаралған және талқыланған

(хаттама № 01 26. 08. 2020 ж.)

Пән бірлестігі төрағасы \_\_\_\_\_ Мирзаметов Ж.М.

«Анвар Исмаилов атындағы кәсіптік колледжі» әдістемелік кеңестің отырысында қаралып бекітілген, және баспаға ұсынылған.

(хаттама № 01. 28. 08. 2020 ж.)

Колледждің әдістемелік кеңес хатшысы

Усипбекова А.О.

## Курстық жұмыстың мазмұны

### **I. Кіріспе**

### **II. Жалпы бөлім**

2.1. Есептің қойылуы.

2.2. ДЭЕМ, қолданылатын операциялық жүйе және пайдаланылатын программалау тілі мінездемесі.

### **III. Арнайы бөлім**

3.1. Есептің алгоритмін құру және оның сипаттамасы.

3.2. Программа.

3.3. Программаның орындалуына арналған түсініктеме.

3.4. Идентификаторлар кестесі.

### **IV. Қортынды**

### **V. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

### **VI. Бағдарлама мәтіні**

## Кіріспе

Курстық жоба теориялық курстың аяқтаушы тармағы болып табылады. Курстық жұмыс студенттердің басқа пәндерден алған білімдерін тәжірибе түрінде бекітіп пысықтауына арналады.

Курстық жоба студентті күрделі деңгейлі есептерді шешуге дайындайды және жалпы оқу жоспарын аяқтайтын жұмыс - дипломдық жобаны орындауға дайындайды. Бұл жобаны орындау барысында ол өздігінен ғылым - техникалық әдебиеттермен, программалаудың жаңа технологиясымен жұмыс жасауды, сонымен қатар өз жұмысының қорытындысын қорғау мақсатында сөз сөйлеуді үйренеді.

Курстық жоба тақырыптары пайдаланылатын есептеуіш техникаларының мүмкіндігіне қарай және де сол орындалатын жоба ендірілетін өндіріс бөлімшелерінде шешілетін мәселелерге бейімделіп таңдалады.

Курстық жоба тапсырмасы ДЭЕМ көмегімен орындалатын әртүрлі есеп шешімдерінен: шығарылатын есептің алгоритмін құрып, программасын жазудан бастап оның қатесін түзеп, өңдеп, өндірісте енгізумен аяқталуы тиіс.

Курстық жобаның түсініктемелік жазбасы ГОСТ талабына сәйкес құрастырылуы керек.

Курстық жұмыс келесі бөлімдерден тұрады:

- кіріспе
- теориялық бөлім
- есептеу бөлімі
- қортынды
- қолданылған әдебиеттер тізімі

Курстық жұмысты орындау үшін студенттер келесілерді білуі тиіс:

- есеп алгоритмдерін құру тәсілдерінің бәрінен, бар алгоритмдерді қолданылу жағдайларынан;
- Турбо Паскаль 7.0. тілінің пайда болу тарихы, өзгерістері, оның басқа версиялары туралы - түсінігі болуы керек.
- стандартты типтердің қолданылуымен есеп шығаруды;
- программа құрылымы, жалпы жазылуы, оның тақырыбы туралы түсінігі болуы керек.
- Турбо Паскаль тілінің операторларын қолдана отырып, программалар құруды;
- сызықты, тармақталған және циклдық алгоритмнің программаларын құруды;
- біртекті типтер: бір, екі және оданда көп өлшемді массивтермен есеп шығаруды;
- программа құрамында процедуралар құруды;
- функцияларды және рекурсивті функцияларды қолдану арқылы есеп шығара алатын болуы керек;
- аралас типтермен программалар құруды;
- жазбалар және көп деңгейлі жазбалар түріндегі типтерді өңдеуге арналған программаларды құра алуы керек.

- Жинақтар типтерімен программаларды өңдеу;
- файлдық типтерді хабарлауды, сипаттауды, құруды, олардан деректерді оқуды, толықтыруды;
- мәтіндік файлмен жұмыс жасауды;
- программаларда сілтеме типтермен жұмыстарды ұйымдастыру; қатарларды вектор түрінде көрсетуді;
- күрделі құрылымды динамикалық объектілерді колданып программаларды құруды орындай алуы керек;
- өзіндік модульдер құруды;
- Компиляциялауды;
- TPU, TPL файлдар құруды - орындай алуы керек;
- графикалық режимді орнатуды;
- драйверлерді және драйверлік режимдерді жүктеуді, хабарлауды; графикалармен жұмыс программаларын құру;
- графика процедураларымен және функцияларымен жұмыс;
- түзу, қисық т.б. сызық сызатын командалармен жұмыс, олардың параметрлерін қолдану;
- анимациялы күрделі құрылымды программаларды өңдеу;
- анимациялы күрделі графикалық программаларды құруды орындай алуы керек.

#### 1.1. Курстық жұмысты орындаудың жалпы талаптары

Кіріспеде қазіргі жағдайға байланысты алгоритм ұғымына, Турбо Паскаль 7.0. тілінің пайда болу тарихы, өзгерістері, оның басқа версиялары туралы берілген теориялық сұрақтың ерекшеліктеріне қысқаша тоқталып өтуі керек.

Курстық жұмыс анық, сауатты жазылу керек, кесте мен әрбір беттері нөмірлену тиіс. Курстық жұмыс тапсырмаларын әрбір Студент вариант бойынша таңдайды. Курстық жұмыстың варианты топтағы студенттің үлгерім журналындағы реттік нөмірмен анықталады.

Жалпы бөлімде әрбір Студент варианты бойынша берілген мәселенің мазмұнын толық ашуы қажет.

Арнайы бөлім студенттермен өткен материалды игеру дәрежесін тексеруге мүмкіндік береді. студенттер есептің алгоритмін құру мен есептеу әдісін, бағдарлама құруды, бағдарламаның орындалуына арналған түсініктемелерді көрсетеді.

Қортындыда керекті түсініктемелер және кәсіпорынның өндірістік-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштерін жақсарту жолдарына тоқталады. Қолданған әдебиеттер тізімінде бірінші кезекте нормативтік заң актілері, қаулылар сонан соң барып әдебиеттер тізімі жазылады. Тізімде автордың аты-жөні, толық аталуы, шығарылу жолы толығымен көрсетілуі тиіс.

## Курстық жұмыс тақырыптары

1. Turbo Pascal бағдарламалау тілінде Сандар айтылуын ауызша формаға өзгерту.
2. Turbo Pascal бағдарламалау тілінде Көлікпен тасымалдауды тапсыру, аялдамадан аялдамаға дейінгі жолды іздеу.
3. Turbo Pascal бағдарламалау тілінде Сызықты теңсіздіктер жүйесін Крамер әдісімен шешу.
4. Turbo Pascal бағдарламалау тілінде Мәтіндік файлдарды көруге арналған бағдарлама құру.
5. Turbo Pascal бағдарламалау тілінде Кері матрицаны Гаусс әдісімен іздеу.
6. Turbo Pascal бағдарламалау тілінде Коши тапсырмасын сандық шешімін табу.
7. Turbo Pascal бағдарламалау тілінде Дифференциалды теңдеулерді Ньютон әдісімен шешімін табу.
8. Turbo Pascal бағдарламалау тілінде Шар радиусын ең кіші мәнін табу.
9. Turbo Pascal бағдарламалау тілінде Халық тұратын тұрақтардың қол жетімділігін анықтау.
10. Turbo Pascal бағдарламалау тілінде Функцияны тексеру және графиканы құру.
11. Turbo Pascal бағдарламалау тілінде Кесілген шеңбер цилиндрдің негізгі ең үлкен радиусын табу.
12. Turbo Pascal бағдарламалау тілінде Мультипликация элементтерімен экранға суреттің нәтижесін шығару.
13. Turbo Pascal бағдарламалау тілінде Графикалық режимде шеңберлі диаграмма құру.
14. Turbo Pascal бағдарламалау тілінде Ең кіші квадраттар әдісімен функцияға жақындау.
15. Turbo Pascal бағдарламалау тілінде  $f(x)$  интегралдық функциясын Симпсон және трапециялар әдісімен есептеу.
16. Turbo Pascal бағдарламалау тілінде Валдың оптималды өлшемінің есебі.
17. Turbo Pascal бағдарламалау тілінде Кесілген шеңбер цилиндрді биіктігін табу.
18. Turbo Pascal бағдарламалау тілінде Әр түрлі әдістермен  $\sin x$  – тің экстремум нүктелерін табу.
19. Turbo Pascal бағдарламалау тілінде Сөйлегіш сағат бүкіл экранға (сандық және көрсеткіштік).
20. Turbo Pascal бағдарламалау тілінде Енгізу мәліметтері үстінде математикалық операциялар.
21. Turbo Pascal бағдарламалау тілінде Цилиндрлік түтіктің ішкі радиусын табу.
22. Turbo Pascal бағдарламалау тілінде Зенитка ойынын құру.
23. Turbo Pascal бағдарламалау тілінде Теңіз соғысы ойынын құру.
24. Turbo Pascal бағдарламалау тілінде Пинг-понг ойынын құру.
25. Turbo Pascal бағдарламалау тілінде Сапер ойынын құру.

## 1.2. Курстық жұмыстың орындалуы

Курстық жұмысты орындауда мынадай мақсаттар қойылады:

1) мамандық бойынша теориялық білімі мен практикалық дағдысын жүйелеуге, бекіту мен кеңейтуге және нақты ғылыми, техникалық, экономикалық, өндірістік, сонымен қатар мәдени мақсаттарды шешу;

2) ғылыми зерттеу әдісін меңгеру және өз бетінше жұмыс жүргізе алу мен мәселелерді шешу кезіндегі тәжірибе жүргізу дағдыларын дамыту;

3) қазіргі заманғы өндіріс, ғылым, техника, мәдениет және кәсіби құзырлылық жағдайындағы өз бетінше жұмысқа дайындығын анықтау;

курстық жұмысты орындауда студенттер мына жағдайды ескеруі қажет:

а) курстық жұмыстың түсініктеме жазбаның жоспарын анықтауға және жасауға;

б) курстық жұмыстың графикалық бөлімінің талаптарға сай орындалуына;

в) курстық жұмысты орындауда уақытты үнемді пайдалануға.

Курстық жұмысты орындауға мынадай талаптар қойылады:

безендірілуі бойынша:

- курстық жұмысты қорғауға жіберілуі үшін тапсырма бойынша титульдық парағы және түсініктеме жазбасы, пайдаланылған әдебиеттері және қосымшалары (керекті жағдайда А1 форматындағы сызулар) болады;

- курстық жұмыстың барлық беттері араб әрпімен белгіленуі керек;

- курстық жұмыстың көлемі компьютермен терілсе 15-20 беттен, қолмен жазылса 20-25 беттен кем болмауы және А4 форматта болуы тиіс, ара қашықтығы 1,0 интервал, шрифт үлкендігі 14 болуы керек. Графикалық бөлім қаламмен А1, А2, А3 форматында белгіленген стандарт талаптары сақталып орындалады;

- жан-жағынан қалдырылатын ашық орындардың мына мөлшерлерді сақтай отырып басылуы тиіс: оң жағынан 15 мм, сол жағынан 30 мм, үстінен және астынан 20 мм болуы керек;

- әдістемелік нұсқаулық кітап түрінде баспадан шығарылса, онда парақтың барлық жағындағы жолақтар өлшемі - 20 мм тең болуы шарт;

- мәтінде абзац қолмен жазған кезде 7,5 мм тең, ал ЭЕМ жазған кезде мәтіннің төртінші әріпінен (12,5 мм) басталады.

Мазмұны бойынша:

Курстық жұмысты орындау барысында Студент ғылыми-техникалық әдебиеттермен өз бетінше жұмыс жасауға, тақырып бойынша қойылған міндеттерді және құжаттарды стандарттағы талаптарға сәйкес безендіруге, аудитория алдында өзінің жұмысын қорғауы тиіс.

Курстық жұмыстың орындау барысында:

а) рефератты мінездеме негізгі бөлімнің ашылуына, теориялық бөлімге назар аудару қажет, себебі қандай дәрежеде қойылған тапсырмалар мен сұрақтар және басқа да проблемаларды теориялық және тәжірибелік жағынан қаралатынын ескеріңіз.



б) тәжірибелік мінездемеде, теориялық және тәжірибелік бөлімге назар аударамыз. Бұл бөлім есептеулерден, графикалардан, кестелерден, сызбалардан, бағдарламалардан тұрады;

### 1.3. Курстық жұмыстың құрылымы

Курстық жұмыстың құрылымы түсіндірмелік жазба, графикалық және тәжірибелік бөлімдерден тұрады.

Курстық жұмыстың құрылымдық элементтеріне мыналар жатады:

- 1) Титулді парақ (қосымша 1):
- 2) Жұмысқа тапсырма (қосымша 2);
- 3) Мазмұны
- 4) Түсіндірме жазба парақтары
- 5) Қорытынды
- 6) Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі
- 7) Қосымша
- 8) Хаттама (қосымша 4)

### 1.4. Курстық жұмысты қорғау

Курстық жұмысты қабылдауға комиссия құрамына пән бірлестігі төрағасы, курстық жұмыстың жетекшісі және пән бірлестігі оқытушысы кіреді.

Студент өз қалауы бойынша курстық жұмысты қазақша немесе орысша қорғайды. Курстық жұмыс 5 балдық жүйе бойынша бағаланады. «Өте жақсы» деген баға үлгерімі қойылуына тек қана барлық тапсырманы бітірген және оны жақсылап тапсырған, «жақсы» деген бағадан асатын студентке қойылады.

Курстық жұмыста қанағаттанарлық баға алғандарға үлгерімі бойынша ең соңғы тапсырманы тапсыруға рұқсат етілмейді және жаңа тақырыпты таңдауға немесе бұрынғы жұмысты жалғастыруға осы пән бойынша пән бірлестігі комиссия мүшелері рұқсат етеді.

Қабылданған курстық жұмыс архивте 1 жылға дейін сақталып, уақыт өткеннен кейін акт бойынша жойылады.

Ең жақсы жазылған курстық жұмыстар пән бірлестігі комиссия жағынан сақталып, оқу-әдістемелік құрал ретінде пайдаланылады.

## II Түсіндірме жазбаның безендірілу тәртібі

### 2.1 Жалпы талаптар

2.1.1. Түсіндірме жазбаның құрамы мен мазмұны курстық жұмыстың бекітілген тапсырмасына сәйкес болуы керек. (Қосымша 1,2,3,4)

2.1.2. Түсіндірме жазба ұқыпты жинақталуы тиіс. Курстық жұмыстың сыртқы бетін А4 форматтағы сызу парағынан және темір қыстырғышпен қыстырады.

2.1.3. Түсіндірме жазбаның парақтары араб цифрімен бірыңғай нөмірленеді. Мәтінде кестелер мен суреттерге міндетті түрде сілтеме берілуі тиіс. Титульды парақ нөмірленбейді, бірақ беті ойша саналады.

2.1.4. Түсіндірме жазбаның безендірілуі төмендегідей жасалады:

- 1) Министрліктің толық атауы ( шрифт 20);
- 2) Колледждің толық атауы (бас әріппен, шрифт 16);
- 3) Құжат түрі ( бас әріппен, шрифт 16);
- 4) Пәннің толық атауы (шрифт 20);
- 5) Курстық жұмыстың (жобаның) тақырыбы (шрифт 20);
- 6) Орындаушы, қолы, күні, аты-жөні, фамилиясы (шрифт 16, 12);
- 7) Жетекшісі: қолы, күні, аты-жөні, фамилиясы (шрифт 16,12);
- 8) Қала және құжатты шығару жылы (шрифт 14)

2.1.5. Титуль парағы түсіндірме жазбаның бірінші беті болып есептеледі, сондықтан МССТ 7. 32-81 талабына сәйкес А4 сызба прағында безендіріледі (өлшемі 297\*210). Титуль парғының безендірілуі №1 қосымшада көрсетілген

## 2.2 Түсіндірме жазбаның безендірілуі

2.2.1.Түсіндірме жазба тараулардан (бас әріппен), бөлімдерден, пункттардан тұрады (керекті жағдайда). Әрбір тарау жаңа беттен басталады.

2.2.2. Титул парағында және тақырыпта сөздерді бөлшекке бөлуге рұқсат етілмейді.

2.2.3 Тараудағы бөлімдер араб цифрымен белгіленеді.

## 2.3 Формулаларды көрсетудің шарттары

Формулалар мен теңдеулерді мәтіннен жеке қатарға бөліп көрсету қажет. Формулалар мен теңдеулердің алдынан және соңынан кемінде бір жол тасталады. Егер теңдеу бір қатарға сыймаса, онда теңдеу тең (=) немесе плюс (+), минус (-), көбейту (x), бөлу (:), немесе басқа да математикалық белгілерден кейін бөлінеді және белгі қайта жазылады.

Формуладағы символ немесе сандық коэффициенттерге, формуладан кейін олардың орналасу ретіне сәйкес түсініктеме беріу қажет.

Формулалар немесе теңдеулер сол қатарда, араб цифрымен нөмірленеді.

*Мысалы:*

$$A=a:v \quad (1)$$

$$B=c+d \quad (2)$$

Мәтінде формуланың рет санына сілтеме жақшада беріледі.

Мысалы – (1) формулада.

## 2.4 Кестелер

2.4.1.Түсіндірме жазбада сандық материалдар кесте түрінде беріледі. Тақырып кестенің үстіңгі жағында абзацтан және бас әріптен бастап жазылады.

2.4.2. Кестелерді тек тұтастай түсіреді, бөліп көрсетуге болмайды. Кестелер әдістемелік нұсқаулық бойынша бірыңғай нөмірленеді. Кестеден кейінгі мәтін кестеден бір жол тастап абзацтан басталады.

2.4.3. Кестелердің шрифт мөлшерін, мәтіндегіден кем алуға рұқсат беріледі.

Кестелер мен суреттерге міндетті түрде сілтеме берілуі тиіс.

Мысалы: 1- кестеде Программаны орындауға қолданылатын клавишалар көрсетілген.

Кесте - 1 Программаны орындауға қолданылатын клавишалар

| №  | Клавиша(лар) | Мәзір элементі       | Функциясы   |
|----|--------------|----------------------|---|
| 1. | Alt + F9     | Compile/<br>Compile  | Редактордың терезесіндегі соңғы программаны компиляциялау |
| 2. | Ctrl + F9    | Run/Run              | Программаны орындауға жіберу                              |
| 3. | Ctrl + F2    | Run/Program<br>Reset | Орындалатын программаны қайта орындату                    |

## 2.5 Иллюстрациялар және қосымшалар

2.5.1. Түсіндірме жазбадағы барлық иллюстрациялар (сызулар, кестелер, схемалар) суретпен беріледі. Иллюстрациялар саны түсініктеме жазбадағы тексті толық қамтитындай болуы керек. Иллюстрациялар текстің соңында немесе қосымша ретінде орналасады.

2.5.2. Кей жағдайда бірнеше суреттерді А4 форматындағы бір параққа орналастыруға болады. Сілтеме міндетті түрде керек.

2.5.3 Суреттер әдістемелік нұсқаулық бойынша бірыңғай нөмірленеді. Тақырып суреттің астыңғы жағында ортадан бастап жазылады. Суреттен кейінгі мәтін кестеден бір жол тастап абзацтан басталады.

## 2.6 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қ. Бекмолдаева, С. Солтанаева, «Turbo Pascal бағдарламалау тілі (зертханалық жұмыстар)» оқу құралы «Фолиант» Астана – 2010
2. Н. Культин - «Turbo Pascal в задачах и примерах»-СПБ: БХВ-Петербург, 2000 г.
3. Т.Қ. Қойбағарова, «Turbo Pascal бағдарламалау тілі», ПМПИ, Павлодар, 2005 ж. 109 бет.
4. Л.И.Прудникова, -« Основы технологии программирования. Введение в Паскаль»- Издательство ТГЭУ, Владивосток 2005 г. 136 ст.
5. А.Б. Даулеткулов, Основы программирования на языке «Паскаль» (Алгоритмизация и программирование) – Институт новых технологий, Алматы, 2004 ж. 130 ст.
6. Е.А.Зуев-«Turbo Pascal-практическое программирование»-«Издательство ПРИОР»,1999г.
7. В.В.Фаронов - Turbo Pascal 7.0, «Начальный курс программирования». Издательство «БХВ Петербург», Санкт-Петербург 2004 г. 1054 ст.
8. С.А.Немнюгин - «Турбо Паскаль 7.0». - Учебник, Санкт-Петербург, Москва, Харьков, Минск, 2000 г.
9. В.В.Фаронов - Turbo Pascal 7.0, «Начальный курс» учебное пособие. Издательство «ОМД Групп»- Ульяновск 2003 г.

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі

АНВАР ИСМАИЛОВ АТЫНДАҒЫ КӘСІПТІК КОЛЛЕДЖІ

«Жалпы кәсіптік және экономикалық пәндер» пән бірлестігі

## КУРСТЫҚ ЖҰМЫС

«Бағдарламалау тілдері» пәні

тақырыбы «\_\_\_\_\_»

Орындады: \_\_\_\_\_ «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ \_\_\_\_\_  
(қолы) (күні) (А.Ж.Т)

Жетекші: \_\_\_\_\_ «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ \_\_\_\_\_  
(қолы) (күні) (А.Ж.Т)

Қорғалды:

\_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері:

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

# АНВАР ИСМАИЛОВ АТЫНДАҒЫ КӘСІПТІК КОЛЛЕДЖІ

«Жалпы кәсіптік және экономикалық пәндер» пән бірлестігі

«Жалпы кәсіптік  
және экономикалық  
пәндер» пән бірлестігі  
отырысында қаралды  
пән бірлестігі төрағасы

\_\_\_\_\_ Ж.М. Мирзаметов  
« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

«Бағдарламалау тілдері»  
пәнінен курстық жұмысқа  
ТАПСЫРМА

\_\_\_\_\_ тобының Студентсы \_\_\_\_\_  
Жұмыс тақырыбы \_\_\_\_\_

## Мазмұны

Кіріспе  
I. Жалпы бөлім  
II. Негізгі бөлімі  
Қорытынды  
Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі  
Қосымшалар

Тапсырма берілген күн « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Қорғалатын күн « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Жоба жетекшісі \_\_\_\_\_

Тапсырманы орындауға алдым \_\_\_\_\_

Курстық жұмысты студенттің орындау кестесі

\_\_\_\_\_ тобы \_\_\_\_\_ пәні

Студент: \_\_\_\_\_

Жетекшісі: \_\_\_\_\_

| № жұмыс | Жұмыстың қысқа мазмұны және мінездеме | Тапсырманы орындау күні | Орындау мезгілі |     |
|---------|---------------------------------------|-------------------------|-----------------|-----|
|         |                                       |                         | Күні            | Айы |
| 1.      |                                       |                         |                 |     |
| 2.      |                                       |                         |                 |     |
| 3.      |                                       |                         |                 |     |
| 4.      |                                       |                         |                 |     |
| 5.      |                                       |                         |                 |     |
| 6.      |                                       |                         |                 |     |
| 7.      |                                       |                         |                 |     |
| 8.      |                                       |                         |                 |     |
| 9.      |                                       |                         |                 |     |
| 10.     |                                       |                         |                 |     |
| 11.     |                                       |                         |                 |     |
| 12.     |                                       |                         |                 |     |
| 13.     |                                       |                         |                 |     |
| 14.     |                                       |                         |                 |     |
| 15.     |                                       |                         |                 |     |
| 16.     |                                       |                         |                 |     |
| 17.     |                                       |                         |                 |     |
| 18.     |                                       |                         |                 |     |
| 19.     |                                       |                         |                 |     |
| 20.     |                                       |                         |                 |     |

# Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

## АНВАР ИСМАИЛОВ АТЫНДАҒЫ КӘСІПТІК КОЛЛЕДЖІ

Бөлім: \_\_\_\_\_  
Пән бірлестігі: \_\_\_\_\_  
Мамандық: \_\_\_\_\_

Курстық жұмысты қорғау  
Хаттама № \_\_\_\_\_

Пәні \_\_\_\_\_  
Студент \_\_\_\_\_ тобы \_\_\_\_\_  
Курстық жұмыстың тақырыбы \_\_\_\_\_

Қорғау уақытында қойылған сұрақтар:

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Курстық жұмыстың бағасы \_\_\_\_\_

Курстық жұмыстың жетекшісі \_\_\_\_\_  
Комиссия құрамы

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Қорғалған күні « \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

